

Тобыл – Торғай жерінің бір қызы еді...

Қазақ халқы дербес мемлекеттілігін құрып, өз атымен тарих сахнасына шыққалы бері қастерлеп келе жатқан қасиетті әйелдер өте көп болып саналады. Ертеде өмір сүрген сақ билеушісі Томирисы қазақ халқы өз қаһарман қызы деп біледі. Ал, Айша бибі, Баян сұлу, Қыз Жібек, Домалақ ана тағы басқа сондай арулардың есімдері бізге ауыз әдебиеті, аңыз-дастан, жырлар, мазар-ескерткіштер арқылы жетті. Сонымен қатар ұлы Абайдың нағыз тәрбиешісі болған әжесі Зере бейнесі және Дина Нұрпейісова мен Нәзипа Құлжанова да ел есінде сақталып келеді. Қоғамдық құрылыс ауысқанда жаңа өкіметтің халық мүддесіне қызмет етуіне ат салысқан қыздар: Әлия, Мәншүк, Хиуаз, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Күләш Бәйсейітова, Шара Жиенқұлова, Шөкен Дауылбаева, Ғалима Бектұрова, Кәмшат Дөненбаева тағы басқа есімдер көптеп саналады.



және адал, таза болуларына өлшеусіз үлесін қосты. Өзі өмірдің көптеген қиыншылығы мен ауыртпалығын басынан кешкеніне қарамастан, ешқандай мұқалмай, ешкімге тіл зәбірін берместен барлық немерелеріне бойындағы бүкіл мейірімін төкті, ақылдарын айтып отырды, жан-тәнімен тәрбиеледі. Сонымен қатар балаларына ешқашан да адами қасиеттерін жоғалтпауға, өтірік, ұрлықтан бойларын аулақ ұстауға жалықпай үйретті, ұғындырды, үлгі-өнегесін көрсетті, ұлағат нәріні бойларына септі. Осы үлкен тәрбиенің нәтижесінде қарындастарым барлығы да жақсы-жақсы тиісті білімдерін алып, әр салада еліне, жеріне аянбай қызмет атқарды, ешкімнен кем болған жоқ. Барлығы да ата-ананың, әжесінің алдындағы балалық борыштарын, сенімін толығымен ақтады, атқарды деп есептеймін.

Гауһар 1968-78 жылдар аралығында С.М.Киров атындағы орыс орта мектебінде білім алды. Оқуда озат болды, алғыр, зерек болды. Қоғамдық жұмыстарға ерте араласып, іс-шаралардың қайнаған ортасында жүрді. Пәндер бойынша аудандық, облы-

стеннен кейін өзінің мектебіне келіп, орыс тілі және әдебиеттен сабақ берді, класс жетекшісі болды. Сол жылдары бітірген шәкірттері Отанымыздың әр түпкірінде еңбек етіп келеді. Солардың бірі Бауыржан Үмбетбаев – заң қызметкері, Ғауез Нұрмұхамбеков – облыс әкімінің бірінші орынбасары, Ақан Омаров – үлкен кәсіпкер Москвада тұрады, Қайрат Сейтмағанбетов – полиция полковнигі, Арман Жақаев – зейнеткер, әлі қызмет жасап жүр, Бағдат Нысанбаев – сот төрағасы, Жанкелді Ходенов – кәсіпкер, Василий Ваганов – құрылысшы, Өміргүл Ахметова – білім саласында екеуі де Астанада тұрады, Бейбіт Утин – күзет саласында. Бәрі де отбасылы, балалары бар.

Мектептен кейін Гауһар Торғай облыстық комсомол комитетіне бөлім меңгерушісі болып қызметке тағайындалды, екі жылдан соң Амангелді аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды, одан кейін Иманов совхозының партия комитетінің хатшысы және де осы екі жұмыста болған уақыт аралығында аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болып сайланды. Ол деген үлкен сенім әрі зор жауапкершілік еді. Бұдан кейінгі жылдары Торғай облыстық партия комитетінің жастар комитетінде – орынбасар, кейінгі жылдары шағын жекешелендіру бөлімінің бастығы, Торғай мемлекеттік мүлкі басқару комитетінің төрағасы, өңірлік мемлекеттік мүлік және жекешелендіру ко-



мін Қостанай облысында жиырма жылдан астам «Заңгер» юристер палатасында абыроймен еңбек етті. Осы жылдары комсомол және партия комитеттерінің конференцияларында делегат болып сайланып, осы еңбектері ескеріліп, ЦК ВКЛСМ-ның, облыстық комитеттерінің марапаттарына ие болды. Осындай ірі қызметтерге ұсынып жібергенде сол жылдары облыс басшысы болған үлкен тұлға Еркін Нұржанұлы Әуелбеков Гауһарға үлкен сенім білдірді, қолдады, ақыл-кеңес берді, білмегенін үйретті, әкелік қамқорлық жасады. Соның нәтижесінде екі тілді де толық меңгерді, екі тілде жаза да сөйлей де білді.

Гауһар Тоқмырзақызы арамиздан мәңгі кетті, бірақ «Жақсының аты, хакімнің хаты өлмейді» дегендей, сағынатын,

Көңілі керемет кең, жүрегі таулардан да асқан жомарт жан болған, бауырларына абзал қамқоршы апа бола білген, көптеген жақын жора-жолдастарына ақыл-кеңесін аямаған, менің аяулы әрі сүйікті қарындасым, бауырым Гауһар Тоқмырзақызы Нұрсейитованың бұл фәниден озғанына да бір жылға жақын уақыт өтті. Қаншама өзгерістер өтті десеңші, бұл өмір ғой.

Гауһар Қостанай өңірінде туса да барлық саналы ғұмыры Торғай елінде өтті, яғни оқып білім алып жетілуі де кейін үлкен қызметтерде болып Амангелді ауданы мен жалпы Торғай облысының экономикасын алға апару, ілгерілету мақсатында, сонымен қатар білім мен мәдениет саласына да айтарлықтай үлесін қосып, өзіне лайықты із қалдырды, көптеген жағдайларда ер азаматтармен аяғын тең басып, қатар жүрді. Осы шаруаларды орындауға, дұрыс болуына аянбай күш-жігерін, жиған тәжірибесін жұмсады. Бұл жұмыстардың сыртында

ризашылықтарын білдіреді.

Аяулы қарындасым, Гауһар Тоқмырзақызы 1961 жылы Қостанай облысы Ұзынкөл ауданына қарасты Федоровка селосында 12 қаңтар күні дүниеге келген. Кейін, яғни 1963 жылы қаңтар айында менің ағайым, Нұрсейитов Тоқмырза – әкесі қызмет бабымен облыстың оңтүстігінде, шалғайда жатқан Амангелді аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас есепшісі болып жаңа қызметке тағайындалады. Ол кісі осы қызметте абыроймен тура 36 жыл еңбек етті.

Сол жылдары ағайымыздың отбасында жеті адам болдық. Анамыз, мен және үш балалары болды. Тұңғышы – Клара осы уақытта Көкше қаласында, Айгүл – Шымкентте, Амангелді кентінде туған Әлия мен Райгүл Қостанайда тұрып жатыр. Барлық балаларына әке-шешесі тиісті білім алуларына үлкен ықпал жасады, тиісті тәлім-тәрбие берді, бойларына, саналарына ұлағат ұялатты, болашақ өмірдің есігін ашып

қоғамдық-саяси, көпшілік жұмыстарға белсене араласып, атсалысып қоса атқара білді. Үнемі артта қалған, кенжелеп қалған, кейде дұрыс шешімін таппаған істерді ойдағыдай орындап, аяғына дейін жеткізіп, зор жетістіктерге жетіп жүрді. Бұл жағдайларды елдің азаматары осы күндерге дейін ауыздарынан тастамай үнемі айтып жүреді, атқарған жұмыстарына

берді. Жақсылыққа, дұрыс өмір сүруге тәрбиеледі. Ата-ананың сыртында білімі болмасада, жазу-сызу білмеген, қазақтың бір керемет аналардың бірі менің шешем – Сақыпжамал, немелерінің әжесі. Даланың «академигі» бола білген, ол кісіні толық осылай айтуға болады, себебі, барлық балаларына, әсіресе немерелеріне дұрыс болуларына, қалай өмір сүруді

стық олимпиадаларға қатысып, көптеген марапаттарға ие болды. Кейін институт қабырғасында болсын, қызметте жүргенде болсын, жастармен қоян-қолтық жұмыс жасауды үзген жоқ. Қай орта болмасын Гауһар жақсы көшбасшы бола білді, соңынан жастарды ерте білді. Сол командамен көптеген игі жұмыстарды ойдағыдай атқарып жүрді. Институтты бітір-

митетінің төрағасы болып қызметтер атқарды. Осы қызметтерді атқара жүріп екі жоғарғы оқу орындарын бітіріп алды, олар Алматының жоғарғы партия мектебін -1992 жылы және Москваның мемлекеттік экономика университетін 2001 жылы тәмамдады. Барлық оқу орындарын қызыл дипломдармен бітірді. Сол 2000 жылдан бері зейнеткерлікке шыққанға дей-

құрметпен еске алатын артында бауырлары, одан қалды адал достары, әріптестері қалды. Ағайын-туыстары, жақындары Гауһардың есімін әрдайым есімізде, жүрегімізде сақтаймыз. Жаны жаннатта, тәні рақатта, топырағы торқа болсын дейміз.

Сағынышпен еске алушы
ағаң Беймырза